география пән мұғалімі,

Әбдірбай А.Д

Экологиялық тәрбие – болашақ кепілі

Дүниежүзілік мәселеге айналып отырған қоршаған ортаның тазалығы мен оны қорғаудың жолы- жас ұрпаққа мектеп қабырғасынан бастап экологиялық тәрбие беру. Осы ойда экологиялық білім мектеп қабырғасынан бастау алмақ. Экологиялық білімді сіңіре білген әрбір азамат қоршаған ортаға жанашырлықпен қарайды. Баланың экологиялық таным көкжиегін кеңейтіп,оларды қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу ата анамен ұстазға байланысты.

Мектеп - келешек ел басқарар, жеріне, суына, иелік етер, жерін гүлдентер, білімді, тәрбиелі жандарды тәрбиелейтін киелі орын. Мектеп интернатымыздың жас жеткіншек тәрбиеленушілеріміз осындай ғажап сұлулықта тәрбиеленіп жатса, еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз. «Адамға бір нәрсені қайталауды үйреткеннен көрі оған жаңалық ашуға көмектескен жөн»,- деп Галиело Галлилей айтқандай баланың жан-жақты дамуына шығармашылық ізденістеріне, оқушыны ғылымға бастайтын жол – үйірме жұмысы.

Үйірменің үйретері көп дегендей «Агроэкозертхана» үйірмесі жылыжайда жасыл өсімдік, бақша дақылдарын өсіріп, агротехникалық әдістерін үйренуде, тәжірибелік сабақтар өткізіп, жоспармен жұмыс жүргізілуде. «Гүлстан» үйірмесінде гүл өсіру танымдық іс-шаралары өткізілсе, «Жер» экоклубында қоршаған ортаны қорғауда «Менің атаулы ағашым» акциясы, оқушылардың ұсынысымен «Өзін –өзі тану бағын» ұйымдастыру қолға алынды. Ғылыми жобамен айналысқан үйірме мүшелері өз зерттеулерімен қалалық , облыстық байқауларға қатысып жүлделі орындар иемденуде. Ал,мектеп ауласында орын алған« экобаққа» оқушылар қызыға қарайды. Жас дизайнерлердің мақсаты өздерінің ой-қиялдарымен мүсіндер жасап, саялы ағаштар отырғызып, экобақты демалыс орнына айналдыру. Жазғы демалыс интернат тәрбиеленушілердің физиологиялық, сана сезімдік, дүние танымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Шұбартүбек жазғы сауықтыру лагерінде де табиғат туралы білімдерін кеңейтіп іс-тәжірибелі алаңға гүлдердің, бау бақшалардың көшеттерін отырғызып, тұқымын сеуіп, өсу ерекшеліктерімен танысып, тәжірибе жүргізуде. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қоршаған ортаны сүюге баулып қана қоймай, оқушыларды болашақта көгалдандырусаласындағы мамандықтарға бағыттау болып та табылады.Мәселен заман талабына сай гүлпаз,флорашы, дендролог, эколог, агроном, ландшафтық дизайнер мамандықтары ауыл шаруашылықты дамытып, жерімізді көркейтуге сұраныстағы мамандықтар. Болашақта мектеп бітіруші жастар бұл саланың қыр сырын, терең меңгеріп үлес қосса дейміз.Осы атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы балаларды қоршаған

ортаға саналы, мейірімді көзбен қарауға, табиғат аясында тазалықты сақтауға, онымен етене қарым-қатынас жасауға, тәрбиелеуге бағытталған. Өйткені, экологиялық тәрбие – баланың қоршаған ортаға құрметін арттыру үшін маңызды.

Өсімдіктер әлемі-табиғатты зерттейтін зертхана

Факультативтік курс «Экоагро зертхана »
Жетекші: география пән мұғалімі
Әбдірбай А.Д

Мақсаты:

Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыра, өсімдіктермен жұмыс жасай білу, бақылау дағдыларын, агрономиялық білімдерін жетілдіріп, келешекте агрошаруашылық мамандығын таңдауға және агротерапиялық зерттеулер арқылы тәрбиеленушілердің денсаулықтарына әсерін ашу.

Өсімдіктер әлемі-табиғатты зерттейтін зертхана демекші - тәжірибелік алаңда жұмыс істей жүріп оқушы жасыл желекті баптау әдіс - тәсілдерін үйреніп, жаратылыстану бағытындағы пәндерге қызығушылық таныта бастады.

Яғни мектеп ауласын көгалдандыру мен бірге мәңгі жасыл және де басқа ағаштар түрлерін отыруғызудан бастады.

Жазғы сауықтыру «Болашақ» лагеріндегі үлескі жұмыстарын да бау бақша салып өздері өсіріп, күтіп жинауда.

Мектеп маңындағы жылыжайда оқушылар өсімдік өсіріп қана қоймай **агротерапиялық** сауықтыру жұмыстарын да жүргізеді. Агротерапия балалар денсаулығын бақылап, пайымдауға мүмкіндік береді.

Мектеп жылыжайындағы агротерапиялық сауықтыру жұмысы

Сонымен бірге **Алматы қаласындағы жас натуралистер станциясымен** жұмыс түрлері жалғасын тауып жатыр. Алматы қаласындағы Жас натуралистер станциясына бару мақсатымыз семинар сабақтарға қатысу, каникул кезінде біріккен демалыс жұмыстарын ұйымдастыру,аграрлық жұмыстармен тәжірибе алмасу.

Енді алғашқы тәжірибелі жұмыстар мен тәжірибелі сабақтарды неден бастадық. Қазақ Ұлттық Университетінің биофизика , экология орталығының жетекшілігімен оқыту курсынан өткен болатынбыз. Ондағы басты мақсатымыз: «Экоагро» ғылыми жобасы бойынша білімізді кеңейтіп теорияны практикамен ұштастырып жоба жасап, қазіргі агротехникалық әдістерді үйреніп,тәжірибе жүзінде іске асыру болды. ***Біздің алғашқы тәжірибе 2009 жылы Алматыдан әкелінген жас көшет** екі жылдан соң тұқымын берген, осы тұқымды бірінші рет жылыжай жағдайында өсіріп көріп, алғашқы көшетін мектеп ауласының қысқы бағына отырғыздық.

Жас зерттеушілер туяны тұқымымен отырғызып көбейту жолдарын үйренуде. Қазақстанға көгалдандыруға енді енген туяны не үшін отырғыздық? Басқа ағаштардың жапырақтары күз айында оқушылар жазғы демалыстан келгенше түсе бастайды, ал туя мәңгі жасыл, аулаға көрік береді және микробактериаларды жоятын қасиетке ие.

Жазғы бақта өсіп тұрған туяны қыс айларында да фенологиялық бақылау жүргізіп отырады.

Жас зерттеушілер жасаған тәжірибелер

Қордабаев Ерсұлтан. Мектеп ауласын да алғашқы бой түзеген туяның тұқымдарын жинап, жылыжайда отырғызып,туя өскінін бақылауға алып алғашқы рет мектеп ауласының жазғы бағына отырғыздық. Мектеп жылыжайында жасаған тәжірибемнің нәтижесінде Балқаш қаласына жерсіздендірілген бозаршаны тұқымы арқылы өсіруге болатына көзім жетті

Туя тұқымы

Жылыжайда тұқымынан өнген туя

Бой түзеген туя

Сейфулла Қабиболла. Туяны көбейтудің ең тиімді жолы-қалемшесі арқылы көбейту. Қыркүйек айында жазғы бақтағы туялардың жас қалемшелерін кесіп бірден дайын топыраққа отырғыздым.Күтіп ,бақылаудың нәтижесінде, тамырлана бастаған туя реңін өзгертпей, қылқан жапырақтары шыға бастады.

Токен Мадина. Гүл ханшайымы- раушангүлді қалемшелеу арқылы көбейтудің қыр сырын, әдісін үйрендім. Сыйға тартқан раушангүлін қурады деп лақтырып тастаймыз ,ал екінші өмір беруге мүмкіншілік жасамаймыз. Жылыжайда қураған гүлді өскін өсетін бүршіктерін қалдырып, гүлінің кішкене сабағынан өскін алып, қысқартып оны бірден дайын тұрған топырағы бар ыдысқа тым терең қылмай отырғызып тәжірибе түрде өсіріп бақыладым.Өскіншенің бетіне банка төңкердім,себебі ыдыстың қабырғаларынан су тамшылары пайда болып ,кеуіп қалудан ылғалдылық сақталады. Алғашқы раушанның бұтағынан бүршікшелер жылыжай жағдайында екі аптадан соң көріне бастады.

Жылыжайда қияр өсірудің әдістерін үйреніп жүрген жас зерттеушілер **Нұртай Мадияр, Орал Жанерке,Жүнісова Айтолқын**

Нұртай Мадияр. Қиярды жылыжайда тұқымы мен ғана көбейтпей көшеттері мен де өсіруге тәжірибе жасап,өнім алдым**.**

Жылыжайда тек қияр өсіріп қана қоймай оны тұздаудың да әдісін үйренуге мектебіміздің технология пәні мұғалімі Айман Қаражановадан кеңес алып тұздаудың әдісін, көкөністерден салат түрлерін жасауды меңгеріп алдық. Маринадқа қажетті көкөніс түрлерін бұрыш, қияр, аскөк ,петрушканы өзіміз өсірген жылыжайдан үзіп алып қостық-дейді Ақтолқын, Жанерке.

Ландшафтық дизайн қоршаған ортамен үйлесім тауып, айналаға жайлылық, әсемдік береді. Жанпейсова Әлия -қиялда туындаған әсемдікті жүзеге асыру үшін көп ізденемін. Ландшафтық дизайн қоршаған ортамен үйлесім тауып, айналаға жайлылық, әсемдік беру. Өзіміз тұратын,оқитын жердің айналасын көгалдандыру қазіргі кезде көп қолға алынып жатқан бағыт.Өзім білім алып жатқан интернатымның ауласын көгалдандыру мақсатында көркейту арқылы экологиялық жағдайды жақсарту.

Мектеп ауласын гүлдермен,бұтақтармен, қалдық, қалған материалдармен әшекейлеу,олардың үйлесімін тауып, көгалдандыруға да ландшафты дизайнерлер жасай білуді де үйренді. Ландшафты дизайн «Гүл феериясы» сайысына 8 сынып оқушысы Төкен Мадина қатысып облыстан 1-орын алды.

Экоагро зертхана курсында оқушылар эко- биологиялық, бау-бақшатану, гүлөсіру,агрономия,агротерапия туралы өз білімдерін кеңейтіп,тәжірибе жасап зерттеулер жайында деректер алады.

Тәжірибелік жұмыстар

«Экоагро зертхана»- бұл білім, денсаулық, агрошаруашылық мамандық.

Үйірменің үйретері көп...

Жанпейсова Әлия 8- сынып оқушысы, болашақ флорашы

Мен болашақта **флорашы** мамандығын арнайы курс оқып меңгеру арқылы мектепте флорашылар үйірмесін ұйымдастырып,оқушыларға түрлі әдемі композициялар жасауды үйретемін.Әртүрлі гүлдерді жинап, оларды кептіріп, әдемі композициялар жасауды кәсіпке айналдырғым келеді. Және де мерекелерді , мектептегі іс шараларды, әсем гүлмен безендіріп,ғажайып күйге енгізер едім.Қазір мектеп қабырғасында білім алып жүріп,өсімдіктер жайлы жазылған кітаптарды оқып ,әрі жинап жүрмін.

Зарубек Асыл 8-сынып оқушысы,

болашақ агроном-топырақтанушы

Ауылшаруашылық мамандықтарының жұмыстары бір-бірімен тығыз айланысты.Өсімдіктер жаксы өсуі үшін құнарлы топырақ қажет.Топырақтың құнарлылық қасиеті оның құрамындағы қара шіріндісі яғни гумустың мөлшеріне байланысты. Болашақта мен «**агроном- топырақтанушы»** мамандығын меңгере отырып,өз туған жерімнің жерін игеруге ат салыссам деймін.Бүгінгі күнде жерлердің көбі пайдаланылмай бос жатыр.Туған жерім Балқаш өңірінің топырағы тұзды, сортаң.Сортаң топырақты құнарлы жерге айналдыруға, малдың көніне технологиялық құрттарды(калифорниялық құрт) өсіріп «биогумус» тыңайтқышын өндірсем деймін.

Орал Лаура 8 сынып оқушысы,
болашақ өсімдік қорғау маманы

Әр жаз сайын дүние жайнап, тіршілік құлпырып шыға келгенде өсімдіктер әлемі шексіз, ешқашан таусылмайтындай көрінеді. Бірақ өсімдіктердің де өзгеше тіршілік иелері

секілді өмірі, ғұмыр ұзақтығы, өсуіне қатер төндіретін қауіпті аурулары болатынына ешкім зер сала бермейді.Мектеп ауласын көгалдандыруға үнемі қатысып ,өсімдіктерді өсірудің агротехникаларын үйірмеге қатыса жүріп үйрендім. Мен болашақта жоғары оқу орнында өсімдік қорғау саласында білім алып,Балқаш өңірінің флорасын қорғауға еңбек сіңіргім келеді. Әсіресе орман алқабында өсетін мәңгі жасыл ағаштарды өсіргім келеді және олардың еш ауруға шалдықпауына, көбеюіне септігімді тигізіп, флорасын қорғауға еңбек сіңіргім келеді.

Төкен Мадина 9-сынып оқушысы, болашақ дизайнер

Болашақта Балқаш туристік қала болса, Балқаш көлі орналасқандықтан шет елдерден көптеген азаматтар саяхаттап келеді.Қаламызда көптеген шағын демалыс парктері ашылған, соларға сым темірден жануарлар мен аңдардың бейнелерін жасап, оларды әдемі гүлдермен көмкеріп қойсақ келушілердің қызуғышылығы арттырары сөзсіз.

Қалалық жылыжайға саяхат

9 сынып оқушысы Зәрубек Айдана

Қаламызда екінші жыл жұмыс істеп ,өнім беріп, халықты көкөніспен қамтамасыз етіп жүрген қалалық жылыжайға саяхат жасадық. Жылыжайға барған мақсатымыз : тек көру ғана емес болашақта таңдайтын мамандықтар негізінде, агрошаруашылық саласының мамандық түрлерін таңдау төңірегінде ой –пікірлерін ортаға салу.

Мектеп ауласында бозарша(туя) ағашы көбеюде

Жүнісова Айтолқын 8 сынып оқушысы
«Экоагро» зертхана үйірмесінің мүшесі

Аулада қылқанжапырақты мәңгі жасыл өсімдіктер қатары көбейюде. Қазіргі кезде мектеп ауласына көбінесе жапырақ түсетін ағаштар егіледі. Ал, ол өсімдіктер енді бүршік жарып, жайқала бастаған кезде оқушылар жазғы демалыска шығып кетеді.Сондықтан мектеп ауласына қылқанжапырақты ағаштар отырғызған дұрыс деп ойлаймын. Қылқанжапырақты ағаш төрт мезгіл бойы жасыл түсін сақтап көркемдік сыйлаумен қатар оттегі, эфир майларын және фитоцидтерді бөліп ,оқушылардың таза ауамен демалуына қызмет жасайды.

Мектеп жылыжайында екі жыл бұрын тұқымымен отырғызылған бозарша (туя) жазғы баққа отырғызылды. Мектеп ауласында қылқан жапырақты туя өсімдігін өсіру мақсатымыз: жапырақтары мәңгі жасыл, ауладағы микробактерияларды жоятын қасиетке ие, қырқып – пішіндеуге қолайлы, хош иісті, әдемілік сыйлайды.

Шұбар Түбектегі жазғы сауықтыру «Болашақ» лагердегі бау-бақшалы үлескі.

Жылыжай жағдайында қалемшелеу әдісі арқылы раушангүлін алғаш рет өсіріп жазғы бақтағы« розарий » ауласына отырғыздық. Қазір «розарий» ауланы ерекше сәнге бөлеуде.

Экобаққа саяхат

Экобақта олар үшін кітап оқу өте қызықты

көгалдандыру кезеңі

экобақ гүлзарларын шар тәріздес әртүрлі пішінге келтіру

баққа қылқанжапырақты ағаш шырша (ель) отырғызылды

қарамала алғашқы алғашқы рет гүлдеді

2014 жылдың қазан айында көшетімен отырғызылған қайың алғашқы жапырақтарын берді.

Ландшафты үйлесімді пішінге келтірілген «кигіз үй» жағалауына жабайы жүзім шырмаланып өсуде.

Экобақта агротерапиялық сауықтыру жұмыстары да жүреді

Фото тілші 8 сынып оқушысы
Қайратұлы Ақтілеу

«Жасыл ел» халықаралық форумы шеңберінде өткен аймақтық сырттай экологиялық байқаудың қатысушалары марапатталды

Осы жылдың ақпан айында өткен «Жасыл ел» халықаралық форумы шеңберінде өткен аймақтық сырттай экологиялық байқауға мектебіміздің оқушылары қатысып алғыс хаттармен марапатталды. Осы жолы алғыс хаттармен ***"Эко-объектив"*** номинациясы бойынша Орынбасаров Жантөре, Жанпеисова Әлия және Амирова Милана марапатталса, ***"Туған табиғат және адамдардың тағдыры"*** номинациясы бойынша Жанпеисова Әлия, Сейтбатталов Жангелді және Бағдаулет Айгерім марапатталды. Және өзге де қатысушыларымыз өздерінің қолдан жасалған бұйымдарын суретке түсіріп, алғыс хатпен марапатталды.

Туған табиғат және адамдардың тағдыры...

Ару Балқаш

Балқашым, бақ жырымсың,
Балқашым, тағдырымсың.
Балқашым, таң нұрымсың,
Ару Балқаш, туған жерім,
Туған жерім, Ару Балқаш

Туған жер – адам өмірінде, жүрегінде ерекше орын алатын жер. Осы жер оны елімен, өткенімен және болашағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан, туған жер, туған көше, туған өлкеден басталады. Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат жер Балқаш қаласынан бастау алады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалалық шағым өтуде. Сүйікті қалам Балқаш көлінің жағалауында орналасқан.

Ертеректе Балқаш бойының тұрғындары көлді Ақ теңіз және Жұмбақ көл деп екі түрлі атап келген екен. Ақ теңіз деп көлдің батыс жағалауын мекендеген жұрт атаса, көлдің оңтүстік-шығысын мекендеген ел “Жұмбақ көл” деп ат қойған. Балқаш көлі – демалыс пен саяхат үшін аса бірегей орын. Мұнда жыл сайын еліміздің әр түкпірінен мыңдаған адам келіп демалады. Балқаш өңірі - әрі жылы, әрі күн сәулесі көп түсетін табиғаты жағынан Қазақстандағы тартымды жерлердің бірі. Шөлді болып келетін қуаң дала Балқаш көлінен нәр алады. Бұл аймақ өзінің әсем көрінісімен, ерекше өсімдіктер және жануарлар дүниесімен белгілі.

Ал, қала тарихы Балқаш тау-кен-металургиялық комбинаттың дамуымен тығыз байланысты. Қала 1932 жылы Балқаш көлінің солтүстігінде 20 км жердегі Қоңырат мыс кені мен Қарағанды көмірінің негізінде жұмыс істейтін ірі мыс қорыту зауытының құрылысына байланысты салына бастады. Байыту комбинаты, ірі жылу электр орталығы, жөндеу, механика мыс қорыту зауыты, т.б. өндіріс ошақтары дүниеге келді. Содан бері жыл өткен сайын қаланың көлемі кеңейіп, халық саны өсті. Қаламыз гүлденіп, құлпыра түсті.

Қалада тарихи-өлкетану мұражайы, спорт кешені, жүзу бассейні, Қазақ балық шаруашылық ғылыми-зерттеу институты, тау-кен-металлургия техникумы, педагогикалық, медициналық училищелері, Қарағанды политехникалық университетінің жалпы техникалық факультеті, музыка

мектебі, жиырмадан астам орта мектеп, т.б. мәдениет, денсаулық сақтау мекемелері бар.

Балқаш – еліміздегі түсті металлургияның ең маңызды орталықтарының бірі. Мұнда құрамында мыс және түсті прокат зауыттары, өндіріс газдарынан күкіртті натрий мен күкірт қышқылын алатын химия өнеркәсібі бар «Балқашмыс» акционерлік қоғамы жұмыс істейді. Оның өнімдері шет елдерге шығарылады.

Алайда, өндіріс ошақтары көптеп шоғырланған аймақтар айналасының экологиясы әдетте алаңдатарлық жағдайда болатындығы аян. Жетпіс жылдан астам мыс алыбы атанып келе жатқан Балқаш қаласының төңірегі сондай қалыпта. Осындағы зауытымыздан бөлінген газ ауаға көтеріліп, топыраққа сіңіп, суға шөгетін залалды заттар жергілікті тұрғындарға талайдан бері зардабын тигізіп отыр. Су демекші, дәл іргесіндегі көлдің соның салдарынан тазалығы төмендеп, аумағы тарылып, көлдегі балық саны азая бастады. Қиқулап ұшқан құстардың да сиреп, жоғалуы көңілге қаяу салады. «Қызыл кітапқа» енген аққу, бірқазан, көккұтан, т.б. құстар қазір өте сирек кездеседі. Дегенмен, қоршаған ортаны қорғауға, көпшілік көңілін мазалаған мәселенің шешімін табуға атқарылып жатқан қоғамдық іс-шаралар аз емес. Зауыттар да өз тараптарынан экологиялық талаптарды орындауға, сақтауға, жайсыз ахуалды түзеп, жақсартуға ынталы. Алайда, мұның өзі өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға жеткіліксіз. Табиғатты аялап, жанашырлық жасауға қарапайым халықтың көпшілікпен бірге атсалысуы да мағызды болмақ. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады» демекші қаламыздың экологиясын жақсартуға, көркейтуге бәріміз де атсалысайық. Себебі, туған жерін, елін, Отанын көздің қарашығындай сақтау мен қорғау әр қазақ баласының парызы. Міне, менің де жүрегімнен жарып шыққан сөзім Ару Балқашыма арналады.

Табиғаты әсем, сұлу жайнаған,
Алуан құстар келуші еді жан-жақтан.
Көздің жауын алатұғын бау-бақша,
Туған өлкем, ару Барқаш, көз тартқан.

Ару Балқаш, бүгін міне қарашы,
Көк түтінге айналған ғой ауасы.
Сұрқы қашып табиғаттың барады,
Күресейік жаны ашыр қазақ баласы.

Сақтап бәрін қалу үшін қалпында,

Еңбек етіп болат шыңдай жарқылда.

Қорғайтұғын табиғатты аялап,

Жаңа заман жас ұрпақтың қолында.

Балқашым гүлдеп, жайнап, көркейе берсін деймін!

Бағдаулет Айгерім Сабыржанқызы
7 «А» сынып оқушысы

Балқашым – бағым

Балқаш өңірі - әрі жылы, әрі күн сәулесі көп түсетін табиғаты жағынан Қазақстандағы тартымды жерлердің бірі. Шөлді болып келетін қуаң дала Балқаш көлінен нәр алады. Бұл аймақ өзінің әсем көрінісімен, ерекше өсімдіктер және жануарлар дүниесімен белгіленеді. XX ғасырдың 50-жылдарына дейін бұл жерде хайуанаттар қожасы жолбарыс болған. Өтуге болмайтын шытырман тоғайдың арасынан жабайы шошқаны да кездестіруге болады. Іле өзенінің атырауын секемшіл елік, сайғақ пен қарақүйрық, түлкі мен борсық мекендейді. Бұл аймақтың өсімдіктері әсіресе елсіз даладағы шабындықтар мен батпақты жерлердегі өсімдіктер өзара үйлесімдік тауып далаға ерекше нәр беріп тұрады. Олар: сексеуіл, жыңғыл, жусан, қарандыз, мия, түйетікен және сасыр. Сонымен қатар талды ормандары торанғы және жыңғылды шағын тоғайлармен ұштасып жатады. Сулы жерлердің бәрінде де қамыс, жөке, құрақтар өседі. Осы ну тоғайлы, қоғалы жерлер көптеген сүтқоректілердің, құстардың, балықтардың тіршілік алаңы сияқты. Балқаш өңірінде сасыр, жусандар мен араласа өскен қызғалдақ пен бәйшешекте даланы ерекше сәнге бөлеп тұрады. Осы көріністерге асқақтықпен 1000 метрлік биіктіктен қарап Бектауата тау алабы созылыпжатыр.

Балқаш көлі – Каспий теңізі мен Арал теңізінен кейінгі ірі көлемді және ағынсыз су қоймасы. Көлдің ұзындығы – 614 шықырым, ені – 3,5-нан 44 шақырымға дейін жетеді. Ең терең жері 26 метрге дейін барады. Айдын көлдің аумағы 18200 шаршы шақырым болса, тоғандарының ауданы – 413300 шақырым.

Балқаш көлінің ерекшелігі – оның жінішке бұғазбен жалғасып жатқан батыс пен шығыс бөліктерінің минералдарының екі түрлі болып келетіндігінде. Батыс бассейні бұрын суы көп болған Іліден толығатындықтан су тұщы болады да, шығыс бөлігі – ащы. Қазір көлге Іле, Қартал және Лепсі өзендері құяды. Кей жылдары қатты тасыса Аягөз өзенінің суы жетеді. Бұл көл төрт облысты – Алматы, Қарағанды, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарын тоғыстырып тұр. Батысында ең сусыз және тіршілік иелері аз кездесетін Бетпақдала жерімен шектеседі.

Балқаштың табиғаты өте таңғаларлық және оның қарама-қайшылықтары да өте көп. Климаты – күрт континентальды. Жазғы және көктемгі, күзгі маусымдарда ағып құйылған су түгелге жуық буланып кетеді де, көлдің деңгейі 12 текше километрден 200 текше километрге дейін ауытқып отырады.

Көлдің солтүстік жағалауында отандық өндірістің алыбы, әлемдік кәсіпорынның алдыңғыларының бірі – "Балқашмыс" АҚ орын тепкен. Көлдің оңтүстік жағалауын құнарлы жайлымдар мен егістік алқаптар алып жатыр. Балқаш көлі демалыс пен саяхат үшін аса бірегей орын. Мұнда жыл сайын еліміздің әр түкпірінен мыңдаған адам келіп демалады.

Балқаш көлі – Қазақстандағы ең ірі көлдердің бірі. Ертеректе Балқаш бойының тұрғындары көлді Ақ теңіз және Жұмбақ көл деп екі түрлі атап келген.

Ақ теңіз деп көлдің батыс жағалауын мекендеген жұрт атаған. Оған себеп: негізгі өзендер Іле, Ақсу, Көксу, тентек және толып жатқан жер асты сулар көлге батыс жағынан құяды да, ондағы көл суының жартысы тұщы болып келді және сырт көрінісі мөлдір ақ түсті болды. Ал, көлдің оңтүстік-шығысын мекендеген ел «Жұмбақ көл» деп ат қойған. Бұл тұстан көлге Лепсі, Аягөз өзендері құяды, ал жер асты сулары бұл жағынан көлге қосылмайды. Көлдің қазіргі атауына байланысты халық ішінде бұрыннан айтылып келе жатқан аңыз бар.

Бұдан көп ғасырлар бұрын көлдің батыс жағалауында мыңды айдаған бір байдың ай мен күндей сұлу, ақылы асқан, келбеті жарасқан қызы болыпты. Қыздың аты Балқия екен. Ата-анасы, ауыл аймағы еркелетіп, оны Балқияжан, Балқаш деп атап жүріп ақырында Балқаш деп атап кетіпті.

Күндердің күнінде осы Балқаш айдай толып, алмадай пісіп, кемеліне келіп бой жетіпті. Осы шақта жастайынан айттырып, қалың малын тегіс төлеп бітірген бай құдалық қамына кірісіп «қамдана берсін, келінімді биыл күзде түсірем» деп қыздың әкесіне сәлем жолдапты. Бесік құдасынан хабар келген әке қам жасай бастайды. Ал айттырып қойған күйеудің тілі сақау, есерлеу жігіт екен. Балқашқа бұл хабар төбесінен тас түскендей болып тиеді. Ас ішпей, ұйқы кірмей, сарғайып, сола бастайды. Мұны сезген ата-ана, ағайын-туған «бір байдың еркесі, өсе келе есі кіріп, ел ағасы болып кетеді», «Ақ батаны, шариғат жолын бұзуға болмайды» деп жұбатысады. Күнде ойын, күнде думан жасап көңілін бөлмек болады. Қайғы-қасірет жүрегін кернеген Балқаш мұның біріне де назар салмайды. Жадыраған жаз өтіп, қоңыр күз келе жатады. Қыз елден безіп қаңғырып өлсе де есуас сақауға бармауға бел байлайды. Өзімен көңіл қосып жүрген осы ауылға ертеден сіңісіп кеткен, еті тірі Ерден деген жігітке Балқаш жолығады.

-«Қайтсең де мені мына пәледен құтқар, өле-өлгенше алдыңнан шығып, айтқаныңды екі етпеймін, өлсең көріңе бірге түсейін»- деп асылып отырып алады. Паналар жері, бетке ұстар елі жоқ жігіт не істерін білмей қатты қысылады. Ақыры, қыздың зарынан қабырғасы сөгілген, бір жағынан жатқа қиғысы келмеген ер көңілді жігіт бір түнді қызды атпен алып қашады. Барар

бағыты бұдан бір жыл бұрын жау алған жылқыны іздеп жүріп кез болған қалың қамысты үлкен көл. Мұз қатқанша соның жағасында жасырынып жатып, қысқа қарай оның аржағына, Ұлы жүз еліне өтіп кетпек болады.

Екі жас түн жамылып, тау бөктерлеп, жапан түз сусыз шөлді кезіп өтеді. Қамыстың құрағы күректей, сабаулары білектей, толқыны жар соққан үлкен көлге де келіп жетеді. Аттарын арқандап тастап, қамыстан күрке жасап, мұздың қатуын күтеді. Ауыл бұлардың қайда кетіп, қайда қонғанын білмей елден – елге кісі шаптырып, сұрау салып, сабылысуда болады.

Ерден күндіс аң аулайды. Балқаш жартасқа шығып, ұшқан құсқа асыр салып, ойнаған шабақтарға қарап, бір ғана соны ермек етеді. Елін сағынып, болашағын ойлап зар қағады:

Атақ-даңқы сыртынан ғашық еткен,
Жолым түсті Балқашқа осы көктем...
Көлдің көркін көрдім де үнсіз қалдым,
Көкірегімді бір сезім осып өткен,
Көк толқында ойнайды өңір күйі,
Сол толқындай толқиды көңіл жиі.
Жағалауда жабырқау арбияды,
Балықшының баяғы өмірлі үйі.
Ұялатқан көзге нұр, санаға сыр,
Мына сурет елес боп қала ма құр?
Көлдің суы қоштасқан ару қыздай,
Жағалаудан алыстап бара жатыр.
Ғасырларда тудырған мыңдап аңыз,
Көлсіз жетім емес не бұл даламыз.
Қолдан асыл жасаған дұрыс шығар,
Шын асылды жоғалтсақ, кім боламыз?

Сейтбатталов Жангелді
7 «Ә» сынып оқушысы

Родная природа и судьбы людей.

Человек, ты можешь всё на свете!
Не то, что мните вы, природа;
Не слепок, не бездушный лик,-
В ней есть душа, в ней есть свобода,
В ней есть любовь, в ней есть язык...
Ф.Тютчев

Я считаю, что при всей грандиозности природы, всюду должна быть видна разумная рука человека.

Человек и природа – два особых мира, существующих одновременно и в гармонии, и в противоборстве.

Лучшее подтверждение этому – сама жизнь человеческая.

В нашей школе есть ветеран труда, учитель биологии, эколог Дубинецкая Юлия Михайловна.

Главной ее целью было- научить нас любить землю, растения, животный мир. Уроки проводились интересно, использовалось много познавательного материала. А как интересны уроки – экскурсии в городской краеведческий музей, походы в урочище Бектау-Ата, к озеру.

Вела большую поисковую краеведческую работу. Создала прекрасный кабинет, большое внимание уделяла озеленению.

Ведя кружок «Эколог» ею был создан возле школы удивительный сад, где принялись и плодоносят вишня, смородина, урюк, где полыхают разноцветные цветочные клумбы. Сад продолжает цвести и обновляться. Учащимися посажаны новые деревья и цветы.

Вслед за Юлей Михайловной мы учимся внимательно вглядываться в окружающую природу, беречь и преумножать ее красоту.

Много лет подряд проводя занятия в кружках «Юный натуралист» и «Эколог» мы с удовольствием посещали их, потому, что каждое занятие открывало перед нами что-то новое, загадочное. Разрабатывались проекты по экологии, создавались агитбригады «В защиту живого», проходили дебаты на тему «Экологический суд», создавались альбомы, проводились выставки.

Благодаря этому учителю, мы научились видеть и беречь красоту нашей земли.

В настоящее время в нашей школе, кроме сада , функционирует школьная теплица, где мы учимся выращивать овощи, зелень, разводим комнатные цветы и отправляем их в зимний сад, классные комнаты и спальни.

Охранять природу необходимо не потому, что она «наше богатство», а потому, что она самоценна, человек не может существовать без природного окружения, а вот природа без человека - может.

Хотелось бы верить, что наши дети не останутся в стороне от экологических проблем нашего города Балхаш, станут настоящими, заботливыми, бережливыми хозяевами на планете Земля.

В заключении хочу написать стихотворение как призыв.

Любите родную природу-
Озёра, леса и поля.
Ведь это же наша с тобою,
Навеки родная земля.
На ней мы с тобой родились,
Живём мы с тобою на ней.
Так будем же, люди, все вместе
Мы к ней относиться добрей.

Отт Эрих

9 «А» сынып оқушысы

«Жасыл ел» халықаралық форумы шеңберінде өткен аймақтық сырттай экологиялық байқаудың *"Эко-объектив"* номинациясына ұсынылған суреттер

Бозаршада ұнамды
Баға жетпес бар көрік.
Қысы-жазы тұрады
Аулаңызға сән беріп.

Можно гладить ветку Туи,
Уколоться не рискуя.
Шепчет Туя безмятежная:
«Я хоть хвойная, но нежная».

Туя средь деревьев
похожа на ель.
Не страшны морозы ей,
ни капель.
Утро зимой всё равно,
что ночь,
тую луна опекает
как свою дочь.
Изумление от природы -
души очищение.

Үйге кірші торғайым
Мен аяздан қорғайын.
Жем шашамын, жегейсің
Үйшік жасап берейін.

Жылы жаққа ұшпайтын
Біздің жақта қыстайтын
Құстар жүрсе жуықта
Жем шашуды ұмытпа !

Торғай, торғай, торғайсың,
Жақын келіп қонғайсың.
Жем шашайын тойып ал,
Сонда аязға тоңбайсың.

Орынбасар Жантөре
7 «А» сынып оқушысы

ЖББ М.П.Русаков атындағы
№2 мектеп -интернаты
Тәрбиеші: Тулегенова А.Б.

Қағаздан бұйымдар жасау

Сабақ тақырыбы: Қағаздан гүл түрлерін жасау
Сабақ мақсаты:
А) білімділік: оқушыларға қағаздан гүл түрлерін жасау жолдарын және әдістерін үйрете отырып шеберлік шығармашылық деңгейі арқылы әсемдік пен сұлулықты бағалай білуге үйрету.
Ә) дамытушылық: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту, оқушылардың алған білімдерін өмірде өз бетінше қолдана білуін қадағалау және шығармашылық іскерліктерін арттыру
Б) тәрбиелік: оқушыларды талғаммен жұмыс жасауға, ептілікке, ұқыптылыққа, өнерді сүюге, талмай еңбек етуге тәрбиелеу.
Сабақтың түрі: дамытушылық сабақ
Сабақтың типі: дәстүрлі емес
Сабақтың әдісі: баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап, жаңа техникамен жұмыс,
Сөздік жұмыс: оригами, киригами, кусудама
Сабақ көрнекілігі: әр түрлі техникамен жасалған гүлдер (квиллинг, оригами), плакат, сұрақ жасырылған жапырақтар, слайдтар, кітапшалар, буклеттер, технологиялық карталар.
Сабаққа қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қағаздар, қайшы, желім, қарындаш, өшіргіш, т. Б
Пәнаралық байланыс: бейнелеу, технология, өсімдіктану, т. Б
Сабақ барысы:
I. Ұйымдастыру кезеңі
1 сынып тазалығына назар аудару
2. қауіпсіздік ережелерін қайталау
II. Өткен сабақты пысықтау
Өткен сабақты «сарғайған күзгі жапырақтарды себетке жинау арқылы» пысықтайық. Ол үшін жапырақшаларға жасырылған сұрақтарға жауап берейік.
1. Оригами дегеніміз не?
Қағазды бүктеу арқылы бұйымдар жасауды оригами дейді
2. Квиллинг дегеніміз не?
Квиллинг қағазды ширату арқылы бұйымдар жасау
3. Дизайн дегеніміз не?
Дизайн дегеніміз кез келген бұйымның жаңа үлгісін жан-жақты ойластырып, заман талабына сай жасау деген сөз.
4. Қағаздың отаны қай ел?
Қытай
5. Қай ғасырда пайда болды?

ҮII ғасыр
6. Апликация деген не?
Жапсыру арқылы орындалған жұмыстар
Енді жаңа сабаққа көшейік
III. Жаңа сабақ:
Ата-бабамыз темірден түйін түйіп, жаңқаға жан бітірсе, шығыс Азия халқы қарапайым қағазды қалай пайдалану керектігін жақсы біледі, оның қыры мен сырын да жеткілікті меңгерген. Қағаз жайында, қағаздың кереметі жайында сөз қозғағанда, оның Еуропа жұртшылығына да жат дүние еместігін айта кеткен жөн. Өйткені қағаздың отаны саналатын Қытай – Азия елдерімен қатар алыста жатқан еуропалықтар да қарапайым қағазды қолөнерде таптырмас материал ретінде кеңінен қолданады.

Қағаз – біреулер үшін тек жазу не сызу құралы болса, енді біреулер үшін қолөнерде таптырмас материал екенін айттық. Қағаздан сан түрлі дүние жасауға болады. Қағаздың қыр-сырын білетіндер оны кәдеге асыру жолдарын да жақсы меңгерген. Қағазды қалай болса, солай тастамай, оны өз орнымен жұмсай білу – үлкен өнер. Ал оны керегіне жаратып, жаңа дүние жасап шығару – нағыз шеберліктің белгісі.

Қолөнердің квиллинг, киригами, оригами, скрапбукинг (ағыл. scrapbooking – «құрақкітап»), папье-маше (фр. papier mâché – шайналған қағаз), аппликация (лат. application – жалғау, жабыстыру) сияқты және тағы басқа түрлері дәл осы қағазға байланысты. Демек мұнда пайдаланылатын негізгі материал – қарапайым қағаз.

Қағаздың қыр-сырын қанық білетіндердің қатары – қолөнердің квиллинг деген түрімен айналысатындар. Қағазды жіңішке әрі ұзыншалап қиып, оны шиыршықтап (спираль тәрізді), түрлі формаға келтіріп жаңа дүние жасайтын қолөнерді квиллинг деп атайды. Шиыршықталған қағаздан әдемі гүлдерден бастап, сан түрлі ою-өрнекті ғажап дүниелерді жасауға болады. Тек қиялыңызға ерік беріп, жаныңызға жақынды тани алсаңыз болғаны.

Біреулер шиыршықталған қағаздан алуан түрлі бұйымдар жасау орта ғасырларда Еуропа елдерінде дамыған десе, енді біреулер оны Таяу Шығыстан бастау алған дегенді алға тартады. Сондай-ақ бұл өнердің шыққан жері – Ежелгі Египет дейтіндер де кездеседі. Дегенмен, бұл айтылғандарға қарамастан, квиллингтің отаны негізінен Оңтүстік Корея саналады. Бүгінде бұл елде қағаздан түрлі бұйымдар жасаушылардың үлкен Ассоциациясы да жұмыс істейді.

Сондай-ақ шиыршықталған қағаздан жасалған әдемі гүлдер мен түрлі өрнектерді суреттер мен фотоальбомдарды сәндеуге кеңінен қолданады.

Гүл түрлерін мынадай материалдардан жасауға болады.
1. Түрлі түсті қағаздардан
2. Мата, былғары, жіптерден
3. Табиғи материалдар яғни кепкен өсімдіктер мен дәнді дақылдардан
1. «Гүл» туралы мақал-мәтелдер:
Қыз өссе елдің көркі,
Гүл өссе жердің көркі
Таулы жердің суы әдемі,
Жарық жердің гүлі әдемі
Әр атаның өз ұлы бар,
Әр бұтаның өз гүлі бар.
Әр гүлдің исі басқа,
Әр жердің жынысы басқа.
Бір гүл толып ашылады,
Бір гүл солып ашылады.
Гүл ашылмай бұлбұл сайрамас.
Гүлді гүл деме егер сабағы болмаса.
Гүлдің тоны қырық жамау, бірақ исі бар.
Гүл қайда болса көбелек сонда.
Гүл өмір қызығы.
Гүл өссе жердің көркі,
Қыз өссе елдің көркі.
Гүл сабағымен қадірлі
Ас табағымен қадірлі.
Гүлсіз болса жер мұңды,
Күлкісіз болса ел мұңды.
Гүлсіз бұлбұл үнсіз.
Гүлсіз жапырақ тұл,
Көксіз топырақ тұл.
Гүл табылады, мал сатылады.
Гүлші бір гүл өсіргенше жүз тікеннің уын жұтады.
Дала көркі — гүл,
Ана көркі — ұл.
Дала гүлімен қадірлі,

Әйел ұлымен қадірлі.
Қыз халықтың гүлі,
Өлең сауықтың гүлі.
Үкісіз қыз болмас,
Тікенсіз гүл болмас.
2. Адасқан құралдар
Қалам ---------- біріктіреді
Қайшы ---------- өшіреді
Өшіргіш ---------- өлшейді
Желім ---------- жазады
Сызғыш ---------- қияды
Жұмысқа қойылатын талаптар:
1. жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін естен шығарма
2. жұмысты технологиялық нұсқау картаны көмегімен орындау.
Технологиялық нұсқау көмегімен жұмысты орындау.
1. Қағазды бүктеу арқылы, яғни оригами техникасы бойынша «қызғалдақ» гүлін құрастырамыз.
Гүл
1. Түрлі – түсті қағаздарды шаршы пішінді етіп қиып аламыз.

2. 2. Қағазды диагональ бойымен бүктейміз

3. Үшбұрышты қағаздың төбесіне қарай екі бүйір қабырғаларын бүктейміз. Содан кейін бүктелген бөлігін қайта кері бүктейміз.

4. Бүктелген буынның арасын ашып, суреттегідей қалыпқа келтіреміз.

5. Қағаздың кіші ұшын ішке қайырып, қайта бүктеуіміз керек.

6. Ендігі де бүктелген бөліктерді желімдеп, қосамыз.

7. Осы бөліктерді бір – бірімен желімдеп, әдемі гүл шығарамыз. Жұмыс аяқталды.
Сергіту сәті
Қолымызды жаяйық,
Әдемі гүлге ұқсайық
Бір жабылып, ашылып,
Орнымызға қонайық.
2. Қағазды жіңішке етіп қиып орау арқылы яғни квиллинг техникасы бойынша «гүл» жасаймыз
4. Қорытынды. Гүлдерді толық аяқтап, шеңбер құрып бір-бірімізге жақсы сөздер айтып гүлдерді сыйлаймыз.

Қызықты ақпараттар

Таңғажайып өсімдіктер

Табиғат дүниесінде адам баласы құпиясын ашып болмайтын таңғажайып құбылыстар жетерлік. Солардың бір саласы - ***өсімдіктер әлемі.*** Талайды таңдай қақтырған тылсым да үрейлі әрі қызықты алуан түрлі ағаштар жайлы сөз болмақ.

Қан сорғыш терек

Ауғанстанда өзгеше қан соратын терек бар. Оның биіктігі екі метр, жуандығы 10см айналасында ғана. Теректің өн бойы толған түйіршік тектес. Қорқыныштысы жапырағына қол тиіп кетсе болды, дереу жабыстырып алып, қанын сорып, ақжемін шығарады екен. Кезінде Германия, Франция, Италия жабайы өсімдіктерді тексеру бірлескен отряды сол жерге барып, зерттеу жүргізеді. Солардың бірі осы ғажайып теректі көріп, таңдана жапырағын ұстайды. ***Сол-ақ екен, оның алақаны жапырақ жабысады да қалады.*** Қалай бұлқынса да, қолын ажырата алмайды. Жапырақ оның қолын мұжып, қанын сора бастайды. Әріптесінің жанын алып қалу үшін, зерттеушілердің бастығы амалсыздан қолын шауып тастайды. Бұл оқиға өсімдік зерттеушілердің назарын ерекше аударады. Олар әрі қалың, әрі мықты жасалған ерекше қолғап киіп, теректі ұстап, оның сырын шешпек болады. Ойламаған жерден ағаш жапырағы адам қолымен қоса, қолғапты жабыстырып алып, дереу тесіп жібереді. Олар қолғаптан қолдарын зорға шығарып үлгереді. Ал ағаш жапырағына жабысқан қолғаптың лезде дал-дұлы шыққанын көреді. Міне, бұл күні бүгінге дейін құпиясы ашылмаған сырлы ағаш.

Кір кетіргіш ағаш

Жерорта теңізінің оңтүстік жағалауындағы Алжирде таңғажайып, қабығы қызыл, бұтағы жуан, жапырағы қалың ағаш бар. Жергілікті тұрғындар оны «Бодан» деп атайды. Мағынасы «кір кетіру» деген сөз. ***Тұрғындар кірлеген киімдерін ағашқа орап қойып, бірнеше сағаттан соң,***

таза сумен шайып жіберсе болғаны, киім тап-таза болып шыға келеді екен.

Негізінде бұл ағаштың қабығында сарғыш түсті сұйықтық бөліп шығаратын көптеген ұсақ тесіктер бар болып, ал сұйықтықтың құрамындағы сілті тазартқыш рөлін атқарады.

Адам жейтін ағаш

Индонезияның Ява аралында бір түрлі «Янбай» деп аталатын адам жейтін қорқынышты ағаш бар. Жайшылықта бұл ағаштың бұтақтары шұбалып, жайылып жатады. ***Ал адам болсын, аң болсын байқамай бұтақтың біріне тиіп кетсе, ағаш бұтақтары әп-сәтте шырмап алады.*** Сондай-ақ ағаш бұтақтарынан жабысқақ сұйықтық ағып, шырмалған денені ірітіп жібереді. Соңынан бұтақтарын қайтадан жайып, келесі орайды күтеді екен.

Ауа-райын болжағыш емен

Шымыр емен ағашы қоңыржай белдеуде өседі. Қытайда, Оңтүстік Кореяда, Жапония мен Индияда көптеп кездеседі. ***Оның жапырағының түсі ауа-райының өзгерісіне қарай құбылып тұратындықтан, «Ауа райынан мәлімет беретін ағаш» деп аталған.*** Бұл ағаштың ауа-райының өзгерісіне болған сезімталдығы жоғары. Бұл өзгеріс жапырағының құрамындағы хлорофилл мен антоцианин салыстырмасының өзгерісінен қалыптасқан, ұзақ уақытқа жалғасқан қуаңшылықтан соң, жауын таяғандығы тымырсық ыстықта хлорофилдің қосылысы кедергіге жолығып, антоцианин құрамы артады да, жапырағы қызарса, осы өңірге екі күн ішінде нөсер жауатынын білдіреді. Күн ашыларда жапырақ жасыл түске өзгереді. Егіншілер осыған қарай өз шаруаларына жоспар жасайды екен.

Билейтін ағаш

Қытайдың көрікті Шишуаңбанна деген жерінде, Мыңла ауданының маңындағы ежелгі орман ішінде ***билей алатын сәмбі тал бар.*** Егер осы ағаштың қасында музыка таспасын қойсаңыз, ағаш музыка ырғағына ілесіп, биге басады. Бұдан да ғажабы егер қойылған әуеніңіз жеңіл музыка немесе лирикалық ән болса, ағаш мың бұралған биші арудай тербелісін өзгертіп отырады. Музыка шырқау биікке көтерілген сайын ағаштың биі де әсемдене түседі. Егер көтеріңкі екпінді, лирикалығы солғын немесе шуылы көп музыканы қойсаңыз, ағаш билемей қояды екен. Сондықтан жергілікті тұрғындар оған «билейтін ағаш» деп ат қойған.

Барқытгүлді білесіз бе?

Оттай жанған Барқытгүл,
Ажарымен тартып тұр.
Өзі әдемі, төзімді,
Жаулап алар көзінді.
Көрік берген көшеге,
Болар сұлу десе де.

Барқытгүл-мол, әрі ұзақ гүлдейтін, хош иісті біржылдық өсімдік.

Ең көп тараған аймағы Орталық Америка. Барқытгүлге қызығушылық XIX ғасырдың орта тұсында басталған. Өсімдіктің табиғатта 30-дан астам ал, қолданыста 150-ге жуық сұрыпы бар.

Түстері де әр алуан. Бойы 10см. Бір сабағында 200-дейін гүл болады. Осындай көп гүл жаратын барқытгүлді «**французды барқытгүл**» деп атайды. Барқытгүлдің кез келген түрі тіке түскен күн көзін ұнатады. Сондықтан да, оның аласа бойлы түрлерін балконға, терезенің жақтауы және таяз ыдыстарға егеді. Күн көзін ұнатады, суға өте шыдамды, жақсы гүлдеу үшін аптасына 2-3 дүркін суғарған дұрыс. Егер топырағы өте қатты болса, сабағы қатайып, гүлдеуі нашарлайды, түбін қопсытып тұрған дұрыс. Өсімдікке көңді гүл түйін салғанға дейін қосу керек, ал одан әрі қарай өте көп қолдануға болмайды, біз жапырағы емес, гүлі үшін өсіреміз.

Көбейтілуі. Біржылдық гүлдерді жыл сайын тұқымнан көбейтіп өсіріп отырады. Мамыр айында гүлдету үшін, ақпан айының соңы, наурыз айының басында жылыжайда немесе үйде 20-22ºС жылылықта тұқым арқылы көбейтеді. Тұқым 7-10 күнде өніп, өскін шығарады. 40-50 күннен кейін гүлдей бастайды. Бақшаға сәуірдің аяғы, мамырдың басында тұқымынан егетін болсаңыз, жаздың ортасында гүлдейді.

Қолданылуы. Кейбір түрлері тағам ретінде қолданылады және лимон түстес сары гүл жаратын гүлді нан тағамдары өндірісінде пайдаланады.Грузия жерінде сары түстібарқытгүлді сорпа,тұздық,маринад жасайды.Сонымен қатар барқытгүлді ірімшіктің түсін сарғайтуға қолданады. Сондай-ақ барқытгүлді бау-бақтың ішіндегі жемістердің арасына ексе, құрт құмырсқа гүлдің иісінен де қашады екен.